

*Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен  
қадағалау агенттігі*

*Стратегия және талдау департаменті*

*2010 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша  
Қазақстан Республикасының банк секторының ағымдағы  
жағдайы кесте және график түрінде*

Көлемі: 14 бет

Кесте саны: 18

График саны: 18

Мерзімділігі: ай сайынғы жаңартулар

*2010 жыл*

**МАЗМҰНЫ**

- 3.
- I. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНК СЕКТОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**  
*1-кесте.* Қазақстан Республикасының банк секторының құрылымы.
- II. ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРДІҢ АКТИВТЕРІ**  
*2-кесте.* Банк секторының жиынтық активтерінің құрылымы.  
*4.* *3-кесте.* Банк секторының активтері мен шартты міндеттемелері сапасының динамикасы.  
*1-график.* Банк секторының активтері мен шартты міндеттемелері сапасының динамикасы.  
*4-кесте.* Банк секторының несие портфелі сапасының динамикасы.  
*5.* *2-график.* Екінші деңгейдегі банктердің несие портфелі сапасының динамикасы.  
*3-график.* Екінші деңгейдегі банктердің несие портфелі бойынша провизиялар.  
*3-1-график.* Екінші деңгейдегі банктердің несие портфелі бойынша провизиялар («БТА Банк» АҚ, «Альянс Банкі» АҚ және «ТЕМІРБАНК» АҚ есепке алусыз).  
*4-график.* Шетел валютасындағы активтер мен несие портфелінің өзгеру динамикасы.  
*5-график.* Екінші деңгейдегі банктердің заемдарын экономикалық қызмет түрлері бойынша үлестіру.  
*6.* *5-кесте.* Ипотекалық тұрғын үй заемдары сапасының динамикасы.  
*6-график.* Ипотекалық тұрғын үй заемдары сапасының динамикасы.  
*6-кесте.* Банк секторының ҚР резиденті еместерге қоятын жиынтық талаптарының құрылымы.  
*7.* *7-график.* Екінші деңгейдегі банктердің несие портфеліндегі ҚР резиденті еместерге берілген заемдардың динамикасы.  
*7-1-график.* Екінші деңгейдегі банктердің несие портфеліндегі ҚР резиденті еместерге берілген заемдардың динамикасы («БТА Банк» АҚ, «Альянс Банкі» АҚ және «ТЕМІРБАНК» АҚ есепке алусыз).  
*7-кесте.* Екінші деңгейдегі банктер бөлігіндегі несие портфелі, оның ішінде Қазақстан Республикасының резиденті еместерге берілген заемдар бойынша ақпарат.
- III. ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРДІҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**  
*8.* *8-кесте.* Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің құрылымы.  
*8-график.* Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің құрылымы.  
*9.* *9-кесте.* Екінші деңгейдегі банктер клиенттерінің салымдары, оның ішінде шетел валютасында.  
*9-график.* ҚР екінші деңгейдегі банктері тартқан салымдардың динамикасы.  
*10-график.* Банк секторының, оның ішінде ҚР резиденті еместердің алдындағы міндеттемелерінің динамикасы.  
*10-1-график.* Банк секторының, оның ішінде ҚР резиденті еместердің алдындағы міндеттемелерінің динамикасы («БТА Банк» АҚ, «Альянс Банкі» АҚ және «ТЕМІРБАНК» АҚ есепке алусыз).  
*10.* *10-кесте.* Банк секторының ҚР резиденті еместердің алдындағы жиынтық міндеттемелерінің құрылымы.  
*11-кесте.* Банктерді ҚР резиденті еместер алдындағы міндеттемелерге қатысты капиталдандыру коэффициенттері.  
*11-график.* ҚР резиденті еместердің алдындағы өтеуге дейін қалған төлем мерзімдері бойынша міндеттемелердің өзгеру динамикасы.  
*11-1-график.* ҚР резиденті еместердің алдындағы өтеуге дейін қалған төлем мерзімдері бойынша міндеттемелердің өзгеру динамикасы («БТА Банк» АҚ, «Альянс Банкі» АҚ және «ТЕМІРБАНК» АҚ есепке алусыз).  
*11.*
- IV. ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРДІҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫ**  
*12-график.* ҚР екінші деңгейдегі банктерінің баланс бойынша меншікті капиталының құрылымы.  
*12-кесте.* Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері.  
*13-кесте.* ҚР екінші деңгейдегі банктерінің есептелген меншікті капиталының құрылымы туралы мәліметтер.  
*12.*
- V. БАНК СЕКТОРЫНЫҢ ӨТІМДІЛІГІ**  
*14-кесте.* Банк секторы өтімділігінің динамикасы.  
*13-график.* Банк жүйесі бойынша өтеуге дейін қалған мерзімі бойынша ГЭП-позиция.  
*13-1-график.* Банк жүйесі бойынша өтеуге дейін қалған мерзімі бойынша ГЭП-позиция («БТА Банк» АҚ, «Альянс Банкі» АҚ және «ТЕМІРБАНК» АҚ есепке алусыз).  
*13-14.*
- VI. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ. БАНК СЕКТОРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ РӨЛІ**  
*15-кесте.* Банк секторының кірістілігі.  
*16-кесте.* Банк секторының кірістілігін сипаттайтын жиынтық көрсеткіштер.  
*17-кесте.* Банк секторының Қазақстан экономикасындағы ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштер динамикасы.  
*18-кесте.* Екінші деңгейдегі банктердің кірістілігін сипаттайтын көрсеткіштер («БТА Банк» АҚ, «Альянс Банкі» АҚ және «ТЕМІРБАНК» АҚ есепке алусыз).

I. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАНК СЕКТОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1-кесте. Қазақстан Республикасының банк секторының құрылымы.

| Банк секторының құрылымы                                                                                                      | 1.01.10 | 1.09.10 |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|---------|
| Екінші деңгейдегі банктердің саны, оның ішінде:                                                                               | 38      | 38      |
| - жарғылық капиталда мемлекеттің 100% қатысуы бар банктер <sup>1</sup>                                                        | 1       | 1       |
| Екінші деңгейдегі банктердің филиалдарының саны                                                                               | 374     | 355     |
| Екінші деңгейдегі банктердің қосымша үй-жайларының саны                                                                       | 1 925   | 1 856   |
| Екінші деңгейдегі банктердің шетелдердегі өкілдіктерінің саны                                                                 | 17      | 18      |
| Қазақстан Республикасындағы резидент емес банктер өкілдіктерінің саны                                                         | 32      | 29      |
| Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіндегі қатысушы банктердің саны | 36      | 34      |
| Кастодиан қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар банктердің саны                                                              | 11      | 10      |

II. ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРДІҢ АКТИВТЕРІ

2-кесте. Банк секторының жиынтық активтерінің құрылымы


| Көрсеткіштің атауы / күні                                                | 1.01.10         |                  | 1.09.10         |                  | Өсімі, (%-бен) |
|--------------------------------------------------------------------------|-----------------|------------------|-----------------|------------------|----------------|
|                                                                          | млрд. теңге     | жиынтығына %-бен | млрд. теңге     | жиынтығына %-бен |                |
| Қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттар | 1 037,0         | 6,7              | 1 118,1         | 7,2              | 7,8            |
| Басқа банктерде орналастырылған салымдар                                 | 1 072,1         | 6,9              | 856,9           | 5,5              | -20,1          |
| Бағалы қағаздар                                                          | 1 779,7         | 11,4             | 2 292,8         | 14,9             | 28,8           |
| Банктік заемдар және «кері РЕПО» операциялары                            | 9 638,9         | 62,0             | 9 118,9         | 59,1             | -5,4           |
| Капиталға инвестициялар                                                  | 290,6           | 1,9              | 371,2           | 2,4              | 27,7           |
| Өзге активтер                                                            | 1 739,4         | 11,2             | 1 682,9         | 10,9             | -3,2           |
| <b>Резервтерді (провизияларды) қоспағанда активтер жиынтығы</b>          | <b>15 557,6</b> | <b>100,0</b>     | <b>15 440,8</b> | <b>100,0</b>     | <b>-0,8</b>    |
| Резервтер (провизиялар)                                                  | -4 000,3        |                  | -3 473,4        |                  | -13,2          |
| <b>Активтердің барлығы</b>                                               | <b>11 557,3</b> |                  | <b>11 967,4</b> |                  | <b>3,5</b>     |

Банк секторы 2010 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 38 екінші деңгейдегі банктермен ұсынылған. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 9 тамыздағы № 114 қаулысымен «Мастербанк» акционерлік қоғамына «Мастер-Кредит» кредиттік серіктестігі жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қайта құрылу нысанында ерікті қайта ұйымдастыруға рұқсат берілді. Екінші деңгейдегі банктердің активтері жылдың басынан бастап 410,1 млрд. теңгеге немесе 3,5%-ға ұлғайды, банктік заемдар және «кері РЕПО» операциялары 520,0 млрд. теңгеге немесе 5,4%-ға азайды, резервтер (провизиялар) 527,0 млрд. теңгеге немесе 13,2%-ға төмендеді. 2010 жылғы тамыз айында ЕДБ-ның активтері 121,7 млрд. теңгеге немесе 1,0%-ға өсті, банктік заемдар және «кері РЕПО» операциялары 27,2 млрд. теңгеге немесе 0,3%-ға, резервтер (провизиялар) 128,2 млрд. теңгеге немесе 3,6%-ға азайды.

3-кесте. Банк секторының активтері мен шартты міндеттемелері сапасының динамикасы

| Көрсеткіштің атауы / күні                | 1.01.10                           |                  | 1.09.10                           |                  |
|------------------------------------------|-----------------------------------|------------------|-----------------------------------|------------------|
|                                          | негізгі борыш сомасы, млрд. теңге | жиынтығына %-бен | негізгі борыш сомасы, млрд. теңге | жиынтығына %-бен |
| Барлық активтер мен шартты міндеттемелер | 16 429,5                          | 100,0            | 14 220,4                          | 100,0            |
| Стандартты                               | 8 508,7                           | 51,8             | 6 854,8                           | 48,2             |
| Күмәнді                                  | 4 541,8                           | 27,6             | 4 867,2                           | 34,2             |
| 1-санатты күмәнді                        | 1 725,4                           | 10,5             | 1 809,8                           | 12,7             |
| 2-санатты күмәнді                        | 401,5                             | 2,4              | 554,8                             | 3,9              |
| 3-санатты күмәнді                        | 1 476,8                           | 9,0              | 802,5                             | 5,6              |
| 4-санатты күмәнді                        | 229,9                             | 1,4              | 597,9                             | 4,2              |
| 5-санатты күмәнді                        | 708,2                             | 4,3              | 1 102,2                           | 7,8              |
| Үмітсіз                                  | 3 379,0                           | 20,6             | 2 498,4                           | 17,6             |

1-график. Банк секторының активтері мен шартты міндеттемелері сапасының динамикасы (3-кестеге).




4-кесте. Банк секторының несие портфелі сапасының динамикасы

| Көрсеткіштің атауы / күні | 1.01.10                           |                  | 1.09.10                           |                  |
|---------------------------|-----------------------------------|------------------|-----------------------------------|------------------|
|                           | негізгі борыш сомасы, млрд. теңге | жиынтығына %-бен | негізгі борыш сомасы, млрд. теңге | жиынтығына %-бен |
| Несие портфелінің барлығы | 9 638,9                           | 100,0            | 9 118,9                           | 100,0            |
| Стандартты                | 2 449,2                           | 25,4             | 2 342,8                           | 25,7             |
| Күмәнді                   | 4 241,9                           | 44,0             | 4 622,5                           | 50,7             |
| 1-санатты күмәнді         | 1 678,8                           | 17,4             | 1 652,3                           | 18,1             |
| 2-санатты күмәнді         | 376,3                             | 3,9              | 546,6                             | 6,0              |
| 3-санатты күмәнді         | 1 266,4                           | 13,1             | 778,0                             | 8,5              |
| 4-санатты күмәнді         | 225,5                             | 2,3              | 585,3                             | 6,4              |
| 5-санатты күмәнді         | 694,9                             | 7,2              | 1 060,3                           | 11,6             |
| Үмітсіз                   | 2 947,8                           | 30,6             | 2 153,6                           | 23,6             |


Жіктелуі тиіс активтер мен шартты міндеттемелердің мөлшері жылдың басынан бастап 2 209,1 млрд. теңгеге немесе 13,5%-ға азайды. Бұл ретте жіктелуі тиіс стандартты активтер мен шартты міндеттемелер 1 653,8 млрд. теңгеге немесе 19,4%-ға азайды, күмәнділері – 325,4 млрд. теңгеге немесе 7,2%-ға көбейді, үмітсіздері – 880,6 млрд. теңгеге немесе 26,1%-ға азайды. Активтер мен шартты міндеттемелер бойынша провизиялар да 705,6 млрд. теңгеге немесе 17,1%-ға азайды.

Екінші деңгейдегі банктердің несие портфелі 520,0 млрд. теңгеге немесе 5,4%-ға азайды. Стандартты заемдар 106,4 млрд. теңгеге (-4,3%) азайды, күмәнділері – 380,7 млрд. теңгеге (9,0%) көбейді, үмітсіздері – 794,2 млрд. теңгеге (-27,0%) азайды. Екінші деңгейдегі банктерге берілген заемдар бойынша провизиялар 608,2 млрд. теңгеге (-16,7) азайды.


2-график. Екінші деңгейдегі банктердің несиелік портфелі сапасының динамикасы (4-кестеге)



3-график. Екінші деңгейдегі банктердің несиелік портфелі бойынша провизиялар (4-кестеге)




3-1-график. Екінші деңгейдегі банктердің несиелік портфелі бойынша провизиялар \*




\* деректер міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешім қабылданған 3 екінші деңгейдегі банкті есепке алусыз берілген. («Альянс Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «БТА Банк» АҚ қайта құрылымдау процесінде болуда, Агенттік Басқармасының «Альянс Банкі» акционерлік қоғамының мәселесі бойынша» 2010 жылғы 19 сәуірдегі №54 қаулысына және Агенттік Басқармасының «Темірбанк» акционерлік қоғамының мәселесі бойынша» 2010 жылғы 07 шілдедегі №100 қаулысына «Темірбанк» акционерлік қоғамының мәселесі бойынша» және 2010 жылғы 31 тамыздағы №116 қаулысына сәйкес міндеттемелерін қайта құрылымдауды аяқтады).

4-график. Шетел валютасындағы активтер мен несиелік портфелінің өзгеру динамикасы



5-график. Екінші деңгейдегі банктердің заемдарын экономикалық қызмет түрлері бойынша үлестіру




Несие портфеліндегі 5-санатты күмәнді және үмітсіз заемдардың үлесі жылдың басынан бастап 2,6 пайыздық тармаққа азайды. «БТА Банк» АҚ-ның, «Альянс Банкі» АҚ-ның және «ТЕМІРБАНК» АҚ-ның деректерін есепке алмағанда несиелік портфеліндегі 5-санатты күмәнді және үмітсіз заемдардың үлесі 2,6 пайыздық тармаққа өсті.

5-кесте. Ипотекалық тұрғын үй заемдары сапасының динамикасы.

| Ипотекалық тұрғын үй заемдарының сапасы/күні | 01.01.10    |             | 01.09.10    |             |
|----------------------------------------------|-------------|-------------|-------------|-------------|
|                                              | млрд. тенге | в % к итогу | млрд. тенге | в % к итогу |
| Стандартты                                   | 200,6       | 23,7        | 123,8       | 16,6        |
| Күмәнді                                      | 526,9       | 62,2        | 531,9       | 71,3        |
| 1-санатты күмәнді                            | 369,0       | 43,6        | 240,4       | 32,2        |
| 2-санатты күмәнді                            | 13,9        | 1,6         | 153,0       | 20,5        |
| 3-санатты күмәнді                            | 6,0         | 0,7         | 4,9         | 0,7         |
| 4-санатты күмәнді                            | 15,0        | 1,8         | 17,2        | 2,3         |
| 5-санатты күмәнді                            | 123,0       | 14,5        | 116,3       | 15,6        |
| Үмітсіз                                      | 119,3       | 14,1        | 90,6        | 12,1        |
| Барлығы                                      | 846,8       | 100,0       | 746,3       | 100,0       |


6-график. Ипотекалық тұрғын үй заемдары сапасының динамикасы (5-кестеге).




6-кесте. Банк секторының ҚР резиденті еместерге қоятын жиынтық талаптарының құрылымы

| Көрсеткіштің атауы / күні                                                                             | 1.01.10        |                   | 1.09.10        |                   | Өсімі, (%-бен) |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|-------------------|----------------|-------------------|----------------|
|                                                                                                       | млрд. тенге    | жиынтығы на %-бен | млрд. тенге    | жиынтығы на %-бен |                |
| Қолма-қол ақша, тазартылған кымбат металлдар және корреспонденттік шоттар                             | 434,0          | 12,2              | 490,6          | 14,8              | 13,0           |
| Басқа банктерде орналастырылған салымдар                                                              | 479,2          | 13,5              | 425,0          | 12,8              | -11,3          |
| Бағалы қағаздар                                                                                       | 177,4          | 5,0               | 160,8          | 4,9               | -9,4           |
| Банктік заемдар және «кері РЕПО» операциялары                                                         | 1 803,3        | 50,7              | 1 541,7        | 46,5              | -14,5          |
| Капиталға инвестиция                                                                                  | 127,3          | 3,5               | 147,2          | 4,4               | 15,6           |
| Өзге активтер                                                                                         | 538,2          | 15,1              | 548,5          | 16,6              | 1,9            |
| <b>ҚР резиденті еместердің алдындағы талаптардың барлығы (резервтерді (провизияларды) қоспағанда)</b> | <b>3 559,4</b> | <b>100,0</b>      | <b>3 313,8</b> | <b>100,0</b>      | <b>-6,9</b>    |
| Резервтер (провизиялар)                                                                               | -1 703,6       |                   | -1 369,8       |                   | -19,6          |
| <b>ҚР резиденті еместердің алдындағы талаптардың барлығы</b>                                          | <b>1 855,8</b> |                   | <b>1 944,0</b> |                   | <b>4,7</b>     |

7-график. Екінші деңгейдегі банктердің несиелік портфеліндегі ҚР резиденті еместерге берілген заемдардың динамикасы (6-кестеге).



7-1-график. Екінші деңгейдегі банктердің несиелік портфеліндегі ҚР резиденті еместерге берілген заемдардың динамикасы\*.



\* деректер міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешім қабылданған 3 екінші деңгейдегі банкті есепке алусыз берілген. («Альянс Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ және «БТА Банк» АҚ Агенттік Басқармасының «Альянс Банкі» акционерлік қоғамының мәселесі бойынша» 2010 жылғы 19 сәуірдегі №54 қаулысына, Агенттік Басқармасының «Темірбанк» акционерлік қоғамының мәселесі бойынша» 2010 жылғы 07 шілдедегі №100 қаулысына және Агенттік Басқармасының «Темірбанк» акционерлік қоғамының мәселесі бойынша» 2010 жылғы 31 тамыздағы №116 қаулысына сәйкес міндеттемелерін қайта құрылымдауды аяқтады).

7-кесте. Екінші деңгейдегі банктердің несиелік портфелі, оның ішінде 1.08.2010 ж. Қазақстан Республикасының резиденті еместерге берілген заемдар жөніндегі ақпарат.

млрд. теңге

| №  | Банктің атауы                                   | Несіелік портфелі | ҚР резиденті еместерге берілген заемдар | Банктік жүйе бойынша резидент еместерге берілген жиынтық заемдардағы банктің ҚР резиденті еместерге берілген заемдарының | Резидент еместерге берілген заемдардың несиелік портфеліндегі үлесі, % |
|----|-------------------------------------------------|-------------------|-----------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------|
| 1  | "ҚАЗКОММЕРЦБАНК" АҚ                             | 2 320,0           | 265,7                                   | 17,2                                                                                                                     | 11,5                                                                   |
| 2  | "БТА Банк" АҚ                                   | 1 937,2           | 1 101,1                                 | 71,4                                                                                                                     | 56,8                                                                   |
| 3  | "Қазақстан Халық Банкі" АҚ                      | 1 191,8           | 85,9                                    | 5,6                                                                                                                      | 7,2                                                                    |
| 4  | "АТФБанк" АҚ                                    | 812,6             | 14,5                                    | 0,9                                                                                                                      | 1,8                                                                    |
| 5  | "Банк ЦентрКредит" АҚ                           | 706,6             | 25,2                                    | 1,6                                                                                                                      | 3,6                                                                    |
| 6  | "Альянс Банкі" АҚ                               | 533,6             | 16,1                                    | 1,0                                                                                                                      | 3,0                                                                    |
| 7  | "KASPI BANK" АҚ                                 | 266,7             | 0,0                                     | 0,0                                                                                                                      | 0,0                                                                    |
| 8  | "ТЕМІРБАНК" АҚ                                  | 243,6             | 1,8                                     | 0,1                                                                                                                      | 0,8                                                                    |
| 9  | "Нұрбанк" АҚ                                    | 221,9             | 9,7                                     | 0,6                                                                                                                      | 4,4                                                                    |
| 10 | "Еуразиялық Банк" АҚ                            | 197,7             | 17,7                                    | 1,1                                                                                                                      | 9,0                                                                    |
| 11 | "Ресей сбербанкі" ЕБ АҚ                         | 136,5             | 0,0                                     | 0,0                                                                                                                      | 0,0                                                                    |
| 12 | "Цеснабанк" АҚ                                  | 129,1             | 2,0                                     | 0,1                                                                                                                      | 1,6                                                                    |
| 13 | "HSBC BANK ҚАЗАҚСТАН" ЕБ АҚ                     | 69,7              | 0,4                                     | 0,0                                                                                                                      | 0,6                                                                    |
| 14 | "ЭКСИМБАНК ҚАЗАҚСТАН" АҚ                        | 60,7              | -                                       | 0,0                                                                                                                      | 0,0                                                                    |
| 15 | "Қазақстанның Тұрғын үй Құрылыс Жинақ Банкі" АҚ | 57,8              | -                                       | 0,0                                                                                                                      | 0,0                                                                    |
| 16 | "Қазинвестбанк" АҚ                              | 50,6              | 0,0                                     | 0,0                                                                                                                      | 0,1                                                                    |
| 17 | "Ситибанк Қазақстан" АҚ                         | 44,0              | 0,2                                     | 0,0                                                                                                                      | 0,3                                                                    |
| 18 | "RBS (Kazakhstan)" ЕБ АҚ                        | 32,7              | 0,0                                     | 0,0                                                                                                                      | 0,1                                                                    |
| 19 | "Delta Bank" АҚ                                 | 25,6              | -                                       | 0,0                                                                                                                      | 0,0                                                                    |
| 20 | "АЛЬФА-БАНК" ЕБ" АҚ                             | 24,0              | 0,2                                     | 0,0                                                                                                                      | 1,0                                                                    |
| 21 | "Астана-финанс" Банкі" АҚ                       | 11,2              | -                                       | 0,0                                                                                                                      | 0,0                                                                    |


|                |                                        |                |                |              |             |
|----------------|----------------------------------------|----------------|----------------|--------------|-------------|
| 22             | "Хоум Кредит Банк" АҚ                  | 8,3            | 0,0            | 0,0          | 0,5         |
| 23             | "AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)" АҚ | 5,1            | -              | 0,0          | 0,0         |
| 24             | "ҚЗИ БАНК" ЕБ" АҚ                      | 4,2            | 0,6            | 0,0          | 13,2        |
| 25             | "МЕТРОКОМБАНК" АҚ                      | 4,0            | -              | 0,0          | 0,0         |
| 26             | «Банк Kassa Nova" АҚ                   | 3,9            | -              | 0,0          | 0,0         |
| 27             | "Заман-Банк" АҚ                        | 3,6            | -              | 0,0          | 0,0         |
| 28             | "Банк Позитив Қазақстан" АҚ            | 3,5            | 0,1            | 0,0          | 1,5         |
| 29             | "Сенім-Банк" АҚ                        | 2,7            | -              | 0,0          | 0,0         |
